«Бекітемін»
«IT мектеп-лицей»
директорының м.а.
_______ Батырова А.С
«___»____ 2023

**Педагог – дефектологтың 2023 -2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар**

**Педагог- дефектолог: Алдаберген Г.А**

**Мұғалім-дефектолог жұмысының мақсаты:** ерекше білім беруді қажет ететін балаларға түзете-дамыту сабақтарын тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру, ата-аналарға және ұстаздарға кеңес беру.

**Міндеттері:**

- дефектолог-мұғалімнің, ППҚҚ мамандарымен, мұғалімдер және ата-аналар бірлесе бала бойындағы қиындықты шешу жолдарын анықтау; түзету-дамыту жұмысының бірлік жүйесін жетілдіру;
- жоғары психикалық функцияларды және танымдық қызметін дамыту;
- балалардың бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын меңгерудегі қиындықтардың алдын алу және шешу;
- мұғалімдер мен ата-аналарға консультациялық көмек көрсету;
- балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда оң динамикаға қол жеткізу;

-ата-аналарды, отбасын түзете-дамыту процесіне тарту;

- Ерекше білім беруді қажет ететін әр оқушыға жеке және топтық даму бағдарламасын құрастыру;

-Өз білімдерін жетілдіру және өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;

-Республикалық, облыстық, қалалық және мекеме деңгейіндегі семинар, конференция, педагогикалық оқулар мен тамыз мәслихаттарының секция жұмыстарына қатысу.

| Жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Мерзімі |
|---|---|---|
| **Диагностикалық бағыт** | - Медициналық-психологиялық-педагогикалық құжаттарды зерттеу;<br><br>- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларының тізімін жасау. ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарын зерделеу;<br><br>- Ата-аналармен әңгіме-сауалнама өткізу, оқушы туралы мәліметтерді жинау, әңгімелесу хаттамасына мәліметтерді енгізу;<br><br>- ЕБҚ-мен оқушыны бірнеше күн бойы бақылап отыру, "сабақта оқушыны бақылау хаттамасын" толтыру;<br><br>- «Сабақта оқушыларды бақылау хаттамасы» қорытынды нысанына бақылау нәтижелерін жинақтау;<br><br>- Оқушының оқытудағы қиындықтардың нақты себептерін зерттеуге бағытталған жеке тексеру жүргізу;<br><br>- Бақылау, әңгімелесу, ата-аналарға сауалнама жүргізу және "оқушының сипаттамасы" нысанында тереңдетілген зерттеу нәтижелерін | Қыркүйек |

| | | |
|---|---|---|
| | қорыту; | |
| **Түзете-дамыту бағыты** | - Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын (оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын) жасауға қатысу;<br>- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушымен жеке жұмыс бағдарламасына сәйкес жеке (кіші топтық) дамыту жұмыстарын жүргізу;<br>- Жеке және топтық даму бағдарламасы мен күнтізбелік жоспар құрастыру;<br>– Түзете-дамыту сабақтарын өткізу.<br>Түзете-дамыту сабағының міндеттері:<br>1) заттардың қасиеттері (түс, түр, мөлшер), кеңістікте заттардың орналасуы туралы оқушылардың жалпы түсініктерін қалыптастыру;<br>2) табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктері мен білімдерін жинақтау;<br>3) сөздікті байыту және жүйелеу, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту;<br>4) оқушылардың (көру, есту, тактильді-қозғалыс, кеңістікті) қабылдауын, көрнекті-әрекетті және көрнекі-бейнелі ойлауды, түсінікті ойлаудың элементтері, ойлау операцияларын (сараптау, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау, абстрактілеу) түзету және дамыту. | Жыл бойы |
| **Кеңес беру, ағартушылық және профилактикалық бағыт** | **Педагогтармен жұмыс:**<br>- Ата-аналарды диагностикалық бақылау қорытындысымен таныстыру; | |

| | | |
|---|---|---|
| | -Психологпен кеңес: қарамағындағы оқушыларды бақылау нәтижесін талқылау;<br>- ЕББ қажет ететін оқушының түзете-дамыту жолдарын анықтау.<br>-Диагностикалық деректердің анализі. Баланың болашақ дамуының бағытты түзете-жетілдіру жұмысының қорытындысын шығару.<br>-Мұғалімдер мен ата-аналарды баланы түзете тәрбиелеудің өзекті мәселелерімен таныстыру. | Жыл бойы |
| **Әдістемелік ұйымдастырушылық бағыт** | -Лекция, тәжірибе алмасу, әдістемелік бірлестік, курстарға қатысу.<br>– Өз бетімен білім алу (әдебиетпен жұмыс,түзете-дамыту жұмысының әдістемелерін іріктеу, арнайы әдебиеттер, дидактикалық материалдар,дамытушы оқулықтардың, көрнекілік материалдарының картотекасын құрастыру);<br>– Басылымдар, конференцияларға, семинарларға,дөңгелек үстелдерге қатысу;<br>-Коррекциялық білім беру талаптарына сәйкес түзету процесінің сапасын жетілдіру: дефектология және білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу. | Жыл бойы |
| **Талдамалы бағыт** | - Қажеттіліктер мен қол жеткізілген нәтижелерді қайта командалық талқылау жүргізу;<br>- Сүйемелдеудің жеке бағдарламасына өзгерістер енгізу, келесі тоқсанға (қажет болған жағдайда) жеке оқу бағдарламаларын қысқартуға немесе жасауға қатысу;<br>-Әр оқушының дамуына түзетушілік әсер ету | Жыл бойы |

| | | |
|---|---|---|
| | үдерісіне талдау және оның тиімділігін бағалау.<br><br>-Кеңестер және ПМПК үшін оқушыларға мінездемелер мен ұсынымдар құрастыру. | Сәуір-Мамыр |